Қарағайдың қола немесе қара сүгені – *Monochamus golloprovincialis pistora* – Бронзовый или черный усач. Ұзындығы 13–28 мм. Бас жағы үлкен, умаждалған мүсін түрінде. Аталық мұртшасы қара, денесінен 2,5 есе ұзын, ал аналығының мұртшасы ала болып келеді. Қол қанаты үлкен, аналығында параллельді түрде, ал аталығында қысқартылған болып келеді. Жәндіктің түсі қара, қола түсімен келген. Денесінің астыңғы жағы сары немесе қызғылт мұртшамен қамтылған. Бір жылдық генерация. Жас жәндіктер даму ортасынан шыққаннан кейін, жасыл қабықты жей бастайды (1-сурет).

Шұбар ала қоңыз – *Clerus mutillarius* F. – Пестряк немковидный – басы және арқасы қара, қол қанаты қара, тек қана ұзынынан қызыл, үстіңгі жағында ақшыл дақтары бар. Дене ұзындығы 11–15 мм.

Қысқа мұртты тамыр сүгені – *Spondylis buprestoides* – Короткоусый корневой усач. Ұзындығы 11–19 мм. Ұшуы: шілде айынан бастап қыркүйек айы аралығы. Өміршеңдігі: 1–2 жыл аралығы. Азықтық өсімдігі: қарағай. Түсі, мұртшасы – қара. Генерациясы 3–4 жылдық. Жас жәндіктері 50 см ұзындыққа дейін ағашты жеп, жолдар жасайды. Көбінесе қарағай өрттендерінде жиі кездеседі. Ағаш тамырында дернәсілдері туннельдер жасап, патогенді инфекция енгізуге ықпал етеді. Сонымен қатар, тамырларды шірітіп, олардың жойылуын жылдамдатады.



Сурет 1 – Резерват территориясында анықталған орман зиянкестері: Қарағайдың қола немесе қара сүгені – *Monochamus golloprovincialis pistora* – Бронзовый или черный усач

Барлық жағдайларда зақымдану кезінен бастап аурудың сыртқы белгілері пайда болуына дейін белгілі уақыт бөлігі өтеді. Ол инкубациялық кезең деп аталады. Инкубациялық кезең әр түрлі аурулар кезінде және әр жағдайларда басқаша болуы мүмкін.



Сурет 2 – Орманның дің зиянкестерінің жұмыртқалары мен өрнекті жолдарының көрінісі

Энтомофагтардың факторлардың көбеюіне шектеуші ретіндегі рөлі аса зор. Қылқанжегі және қылқан жапырақты зиянкестердің көп түрінің ішінде энтомофагтардың 3 түрі анықталды (1-кесте), атап айтқанда: жыртқыштың 2 түрі – шұбар ала қоңыз және өрмекші. Олар қабықжегілердің жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ және ересек зиянкестермен қоректенеді; ал паразиттің 1 түрі бар, ол – шабандоз. Олар оны қорек ретінде пайдаланып, қылқанжегі зиянкестерін жеп

кұртады. «Ертіс орманы» МОТР-ның орман зиянкестерін жоятын энтомофагтар түрлері де анықталды. Олардың тізімі 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – «Ертіс орманы» МОТР-ның орман зиянкестерін жоятын энтомофагтары

№	Қазақша аты	Латынша аты	Орысша аты
1	Шұбар ала қоңыз	<i>Clerus mutillarius F.</i>	Жук-пестряк
2	Шабандоз	<i>Braconidae (Ichneumonidae)</i>	Наездники
3	Өрмекшілер	<i>Araneina</i>	Пауки
4	Кірпі-шыбын	<i>Parasetigena silvestris R.D</i>	Муха-тахина
5	Қазушы ара	<i>Ammophila sabulosa L.</i>	Роющая оса
6	Ызылдақ	<i>Colosoma sykophanta L.</i>	Красотел
7	Қара қоңыздар	<i>Tenebrionidae</i>	Чернотелки
8	Гистерид қоңыздар	<i>Histeridae</i>	Карапузик
9	Азилид шыбын	<i>Asilidae (Diptera)</i>	Ктырь

Жоғарыда көрсетілгендердің сабақты және шырша кеміруші зиянды жәндіктердің 8 түр энтомофагтары табылған. Энтомофагтардың ішінен: 6 түрлі жыртқыш – шұбар ала қоңыз, қазушы аралар, ызылдақ, өрмекшілер, қара қоңыздар, гистерид қоңыздар, олар жұмыртқалармен, дернәсілдермен, қуыршақтармен немесе имагомен азықтанады; 2 түрлі паразиттер – кірпі-шыбын және шабандоздар.

Қорытындылай келе орманды сауықтырудың негізгі шаралары:

– ауруға шалдыққан ағаштарды ғана кесу және санитарлық мақсаттарда орманды жаппай сирету;

– жәндіктерді әдейі бір жерге көп шоғырландыру үшін «тұзақ» ағаш тартар (арнайы химиялық заттармен өңделген, шіріген, әлсіреген ағаштар) қалдыру.

Санитарлық мақсатта арнайы іріктеуге қылқанжегі зиянкестер орныққан, аурудан әлсіреген, қар басудан сынған, дауылдан, желден, бораннан құлаған және әбден шіріген ағаштар жатады. Зиянкестерді құртудың ең тиімді жолы – олар жаңа ғана мекендей бастаған ағаштарды іріктеу. Бұл жұмысты зиянкестердің фенологиялық екі тобына: көктемгі және жазғы – қолданады. Көктемгі топқа жататын зиянкестер қоныстанған ағаштарды маусым айында, қылқанжегі сүгендердің жас ұрпағы қанаттанбай тұрғанда жою керек. Зиянкестердің жазғы түрлері мекендеген ағаштар күзде немесе қыста шабылады, бірақ олар тамыз және қыркүйек айының бас

кезінде іріктелінуі керек. Іріктеуді зиянкестердің өздері мекендейтін ағаш тұқымына келтіретін залалдарының ерекшеліктеріне қарап жасайды. Шабылған ағаштардағы зиянкестер ұшып шыққанға дейін, ағаштың қабығын аршып тастау арқылы немесе ағашқа инсектицидтерді бүрку арқылы құртылады. Аршылған қабықтар мен бұтақтар өртелінуі немесе жерге көмілуі тиіс.

Осы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде орындалған жұмыстардың шаруашылық жағдайларына тиімділігі де ескеріледі.

Санитарлық іріктеп шабудан, залалданған ағаштардың айналасындағы өсімдіктер зиян шегетін болса, онда жаппай шабу тағайындалынады. Жаппай шабуға, әдетте, ағаштардың 30–40 % құрғап кету қаупі төнгенде ғана, рұқсат етіледі. Бұл жағдайда ағаштардың сиретуге төзімділігі, олардың өсуінің табиғи ерекшеліктеріне, жасына және құндылығы мен пайдалану шарттарына байланысты екендігін ескерген жөн. Құлатылған ағаштардағы зиянкестер жойылуы тиіс (қабықтарын аршу немесе химиялық заттарды пайдалану арқылы) және қылқанжегілердің қылқанның сау бөліктеріне көшуіне жол бермеу шаралары жүзеге асырылады. Санитарлық жаппай шабуды күз-қыс маусымдарында орындаған дұрыс.

Іріктеп шабудан кейін «тұзақ» – ағаштарды орналастыру шарасы қолға алынады. Бұндай әрекетті орманның зиянкестері неғұрлым аз таралған жерлерінде жасаған жөн, өйткені айналада әлсіреген ағаштар жоқ болса, зиянкестер әдейі орналастырылған «тұзаққа» (шіріген, құлаған т.с.с. ағашқа) жиналуға мәжбүр болады. «Тұзақ» ретінде жел, дауыл құлатқан ағаштар, қурай бастаған ағаштардың таза бөліктері пайдаланылады. Ақпан-наурыз айларында тұзақтарды көктемде өсіп-таралатын зиянкестерге, ал маусым айында – жазда өсіп-таралатын түрлерге арнап өңдеп орналастырады.

Ормандардың патологиялық жағдайын 3 баллдық жүйемен бағалайды: 1 – сау ормандар; 2 – бекемділігі бұзылған ормандар; 3 – тіршілік қабілетін жоғалтқан ағаштар.

Осы зиянкестерінің түрін және санын анықтау үшін ормандағы екі-үш ағашты алып, оны модель ретінде қарастырады. Оларды зерттейді. Ағашты бұталардан тазартады, сабақтың бойымен қабықтан 10 см-дей тазартады және сол жердегі қабықжегілердің түрлік құрамы мен сандық көрсеткішін анықтайды. Бұрынғы және жаңа ұрпақтардың сандық көрсеткіштерінің айырмашылығын бақылау келесі жылға болжам жасауға көмек көрсетеді.



## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оспанова А. К. Орман фитопатологиясы / А. К. Оспанова – Павлодар: Кереку, 2008. – 123 б.

2 Байзаков С. Б., Искаков С. И. Возможные направления восстановления гарей в ленточных борах Павлодарского Прииртышья. Материалы международной научно-практической конференции «Леса и лесное хозяйство в условиях рынка: проблемы и перспективы устойчивого развития». / С. Б. Байзаков, С. И. Искаков – Алматы : Қайнар, 2003. – 250 с.

3 Судьев Н. Г., Новиков Б. Н., Рожин Л. Н. Лесохозяйственный справочник для лесозготовителя. / Н. Г. Судьев, Б. Н. Новиков, Л. Н. Рожин – М. : Лесная промышленность, 1976. – 224 с.

4 Байзаков С. Б. «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының әкімшілік-шаруашылық және басқару құрылымының жалпы сипаттамасы. / С. Б. Байзаков– Алматы : АГТУ баспасы, 2006. – № 2(2). – Б. 64–68.

5 Байзаков С. Б., Медведев А. И., Искаков С. И. Временные рекомендации по восстановлению гарей в ленточных борах Прииртышья. / С. Б. Байзаков, А. И. Медведев, С. И. Искаков – Алматы: Қайнар, 2010. – 36 с.

6 Червонный М. Г. Охрана лесов : учебник для техникумов 2-е изд.

**РММ МОТР «ЕРТІС ОРМАНЫ»  
ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**БЕЙСЕКЕЕВА А. К.**

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

**КАСАНОВА Ж. Б.**

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

**ХАЙРУДИНОВА З. С.**

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Ертіс орманы» орман қоры – ерекше қорғаудағы табиғи территория. Ол ландшафтық және биологиялық әртүрлілікті қалпына келтіру мен сақтауға, тұрақты даму мен осы алқаптағы табиғи ресурстарды тиімді, орманға кері әсерін тигізбейтін мөлшерде қолдануды қамтамасыз етуге арналған резерват.

Павлодар облысының территориясының 4 %-ын орман иеленеді. Оның негізгі бір бөлігін Шалдай таспалы орманы құрайды.

«Ертіс орманы» Мемлекеттік орман табиғи қорларының (МОТҚ) орталық мекені Шалдай ауылында орналасқан. Бұл Павлодар қаласынан 120 шақырым қашықтықта, Шарбақты ауданынан 80 шақырым жерде орналасқан. МОТҚ-ларының жалпы ауданы – 277 961 га құрайды. Оның 143 247 га Шалдай мемлекеттік мекемесіне, ал 134 714 га Бесқарағай мемлекеттік мекемесіне қарайды. Шалдай мемлекеттік мекемесінде таспалы қарағай орманының жалпы аумағы – 80,4 мың га.

Шалдай мемлекеттік мекемесінде: «Шалдай», «Садық-Ащы», «Первомайка», «Бұрталы», «Степное», «Сейтен», «Жаңазауыт», «Шошқалы», «Галкино» деп аталатын 9 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Орман қорларының ауданы шығыс бойлықтың – 78–79°, солтүстік ендіктің – 60–62° аралығында орналасқан. Шалдай ормандары әртүрлі таспалы ендіктермен, жері дөңесті, жазық, кейбір жерлері алаңқай болып келеді.

Бұл орман қоры республиканың солтүстік-шығысының ақ селеулі-бетегелі далаларында және кара-талшық топырақты жерлерінде орналасқан. Орман қорының шекарасының жалпы ұзындығы – 556 шақырымға созылды. Бұның 70 шақырымы солтүстік-шығысынан Алтай өлкесінің таспалы ормандарымен, ал оңтүстік-шығысынан Шығыс Қазақстан облысымен 30 шақырымда шектеседі, қалған 456 шақырымы батыс жағынан Павлодар облысымен жалғасып жатыр.

Шалдай мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері мынадай:

– эталонды және өте сирек табиғи кешендермен объектілерді тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау;

– бұзылған табиғи және тарихи-мәдени кешендер мен объектілерді қалпына келтіру;

– табиғи кешендердің қалыпты және тұрақты дамуына жағдай жасау;

– өндірістік практикада студенттермен экскурсия және сабақтар жүргізу;

– осы аймақта белгіленген заң шығару тәртібімен шектеулі шаруашылық қызметімен, туризмді іске асыру және ұйымдастыру.

«Ертіс орманы» табиғи қорын қорғау тәртібі бойынша келесі іс-әрекеттік функционалдық қорғау белдемдері:

– аймақ қорығының – 22 522 га (8,1 %) жері қорықтық қорғау тәртібі мен ландшафтық және биологиялық жағдайын негізгі түрде қорғау үшін белгіленген;


– буферлік аймақтың ауданы – 16 360 га (5,9%), ені 1 шақырым қорықтық ядро жанында орналасқан;

– тапсырыс қорғау тәртібімен ауданы – 102 215 га (36,7%) бұзылған ландшафттық аймақты қалпына келтіру, сонымен қатар, жанған орманды, ландшафттық және биологиялық әр түрлілікті қайта сергітуге тиісті аумақ;

– ұзындығы – 556 шақырымға созылған, қордың аймағында ені 2 шақырым болатын қорғау белдемі орналасқан.

Жер бедері. Павлодар облысы Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігі жағында орналасқан. Көлемі жағынан ол оңтүстіктен солтүстікке дейін 500 км-ге, ал батыстан шығысқа дейін 450 км-ге созылып жатыр. Оның жалпы ауданы қазір 12476,7 мың га. Ертіс өзені облысты қақ бөліп жатыр: оң жағалауы 41,2 мың км<sup>2</sup> және сол жағалауы 83,6 мың км<sup>2</sup> (1-сурет).

Облыстың жер қабаты өзінің түзілуі және құрылысы бойынша екі нақты аймаққа бөлінеді: солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс. Солтүстік-шығыс аймақ – терең және көптеген қазаншұңқырлы көлдері, жайпақ дөңдері мен жалдары бар кәдімгі жазық. Жазық шектерінде өзен торларының (Қарасұк, Бөрілі, Ажболат) көне алқаптары, кішкентай өзендер алқаптары (Қарасу, Шідерті) және үш алқап маңайындағы терассасы бар Ертіс өзенінің алқабы.



Сурет 1 – Павлодар облысының ландшафтары

Климаты. Павлодар облысы алқабының климаты өткір-континентальды, құрғақшыл. Климаттың қалыптасуына, негізінен, ауданның мұхиттан алшақ орналасуы әсер етеді, бірақ биік тау бөктерінің болмауы арктикалық суық массалардың солтүстіктен оңтүстікке, жылулардың – солтүстікке ауысуына мүмкінді береді. Осылайша, климаттың түзілуінің маңызды факторларына келесілер жатады:

1 Атлант мұхиты жағынан ауаның батыстан ауысуы;

2 Солтүстік жақтан арктикалық ауаның жетуі;

3 Атланттық және арктикалық ауаның қоңыржай ендіктің жергілікті континентальды ауасына трансформациялануы.

Ауаның орташа жылдық температурасы бүкіл облыс бойынша солтүстіктен оңтүстікке қарай заңды көтеріледі. Облыс климатына әсер ететін күн жылуының жер бетіне түсу мөлшері. Күннің жылу беруінің жалпы қосынды мөлшері 2300–2400 °С. Күн мен түннің теңелетін кезеңдері 22–желтоқсанда, 22–наурызда. Облыс маңында орташа жылдық температура 1–3 °С, солтүстікте 0 °С, орта бөлікте минус 1,8 °С, ал оңтүстікте минус 2,6 °С. Нағыз жылы айдың орташа айлық температурасы – шілдеде плюс 19 °С-тен плюс 21,03 °С-қа дейін ауытқиды, ал басқа күндерде күн ыстық плюс 40 °С-ке дейін, тіпті кейде оңтүстік Қазақстандағы сияқты болады. Өсімдіктердің вегетациялық кезеңдері Павлодар облысында сәуірдің үшінші онкүндігінен басталады да қазанның алғашқы онкүндігінде аяқталады. Оның ауытқу ұзақтығы солтүстікте 167 күннен, оңтүстік аудандарда 178 күнге дейін созылады. Осыған байланысты, аязсыз кезең аз, ол 109 күннен 132 күнге дейін созылады.

Өсімдік жамылғысы. Негізгі орман құрайтын ағаштарға кәдімгі қарағайлар (*Pinus sylvestris*) жатады (2-сурет), басқа ағаштардан көп сүйелді қайың мен көктеректер жиі кездеседі.

Әсіресе теректер қарағайдың шетінен табақшадағы екпе гүлдер сияқты, жаппай кесілген ағаштардың орнына және көп жыл бұрын өртенген орманның орнына өседі. Ал қайың жер бедердің төменгі бөліктеріне, жер астындағы сулардың жақын болуынан өсіп жетіледі. Біркелкі қарағай ішінде аласа ағаштар тобы көрсетілмеген, ал бұталардан әр түрлі талдар, долана, итмұрын, сары акация (қараған), шөңгіш (калина), қара қарақат т.б. жиі кездеседі.



Сурет 2 – Кәдімгі қарағай

Негізгі шөптің жамылғысы ақ селеу, бетеге, көкшіл-сұр шөп, аласа қиян, жусанды далалар және т.б. болып келеді.

Жануарлар әлемі Қорықтың қарағай орман жолағындағы жануарлар әлемі әр түрлі. 12 отрядтан тұратын 33 құстың түрі мекендейтіні анықталған, ал сүтқоректілерден 9 тұқымдасқа 18 түрі белгіленген. Бұлардан ең кең тараған және жиі кездесетін түрлері төмендегідей (1-кесте).

Кесте 1 – Мемлекеттік орман табиғи қоры «Ертіс орманының» жануарлар әлемі

Қазақша атауы	Латынша атауы	Орысша атауы
1 Отуйрек	<i>Todorha ferruginea</i>	Огарь
2 Боз үйрек	<i>Anas strepera</i>	Серая утка
3 Көк кептер	<i>Columba livia</i>	Сизый голубь
4 Құр	<i>Lyrurus Tetrix</i>	Тетерев-косач
5 Бөдене	<i>Coturnix coturnix</i>	Перепел
6 Шіл	<i>Perdix perdix</i>	Серая куропатка
7 Бүркіт	<i>Aguila chrysaetus</i>	Беркут
8 Кезқұйрық	<i>Milvus kopschun</i>	Черный коршун
9 Шауқарға	<i>Corvis monedula L.</i>	Галка
10 Сауыскан	<i>Pica pica L.</i>	Сорока

11 Кәдімгі суық торғай	<i>Pyrrhula pyrrhula</i>	Обыкновенный снегирь
12 Торғай	<i>Passer domesticus L.</i>	Домовой воробей
13 Кірпі	<i>Hemiechinus auritus</i>	Ушастый еж
14 Секіретін қосаяқ	<i>Allactada saltator</i>	Тушканчик прыгун
15 Кәдімгі тышқан	<i>Mikrotus arvalis</i>	Обыкновенная полевка
16 Орман тышқаны	<i>Apodemus sylvaticus</i>	Лесная мышь
17 Ор қоян	<i>Lepus europaeus</i>	Заяц русак
18 Ақ қоян	<i>Lepus timidus</i>	Заяц беляк
19 Күзен	<i>Mustela eversmanni</i>	Хорь степной
20 Ақкіс	<i>Mustela ermine</i>	Горноста́й
21 Аққұлақ	<i>Mustela nivalis</i>	Ласка
22 Борсық	<i>Meles meles L.</i>	Барсук
23 Қасқыр	<i>Canis lupus L.</i>	Волк
24 Түлкі	<i>Vulpes vulpes L.</i>	Лисица
25 Қарсақ	<i>Vulpes corsac</i>	Корсак
26 Сілеусін	<i>Lynx lynx</i>	Рысь
27 Елік	<i>Capreolus capreolus L.</i>	Косуля
28 Бұғы	<i>Alces alces L.</i>	Лось
29 Тиін	<i>Sciuros</i>	Белка телеутка
30 Саршұнақ, зорман	<i>Citellus erythrognis</i>	Суслик
31 Жарғанат	<i>Plecotus caustriacus</i>	Серый ушан

Аңшы-биологтардың және орман жұмысшыларының есебі бойынша аң мен құстардың жылдық динамикасы 2-кестеде берілген

Кесте 2 – Аң мен құстардың жылдық динамикасы

Аң мен құстардың атауларының тізімдері	Жылдық сандары, дана			
	2017	2018	2019	2020
1 Бұлан ( <i>Alces alces L.</i> )	55	56	110	127
2 Елік ( <i>Capreolus capreolus L.</i> )	190	146	282	336
3 Ақ қоян ( <i>Lepus timidus</i> )	1640	578	340	423
4 Ор қоян ( <i>Lepus europaeus</i> )	500	572	210	259
5 Қасқыр ( <i>Canis lupus L.</i> )	82	50	145	151
6 Түлкі ( <i>Vulpes vulpes L.</i> )	381	345	510	536
7 Борсық ( <i>Meles meles L.</i> )	250	275	180	210
8 Сілеусін ( <i>Lynx lynx</i> )	22	14	26	34
9 Тиін ( <i>Sciuros</i> )	8000	1150	3600	3720
10 Күзен ( <i>Mustela eversmanni</i> )	290	121	368	432
11 Ақкіс ( <i>Mustela erminea</i> )	3	3	18	25
12 Құр ( <i>Lyrurus Tetrix</i> )	5500	5700	4500	4628
13 Шіл ( <i>Perdix perdix</i> )	2100	750	1000	1297
Барлығы	19013	9760	11289	12178



2017 жылда жануарлардың ең үлкен саны байқалған. 2018 жылы қояндардың, ақ тиіндердің және сұр құрлардың есебінен жануарлардың саны өзгеріп төмендеген. 2019 жылы жануарлардың саны қайта өсті. 2020 жылы жануарлар саны 2019 жылмен салыстырғанда біраз тепе-тең болып тұр.

Ақ тиіндердің санының күрт төмендеуінің себебі, бұл қарағай бұрлерінің аз болуы. 2018 жылы қарағай түн көбелегі зиянкесінің көп ошақ жару себебінен, көптеген ақ тиіндер қоныс аударып кеткен. Қазір де жануарлардың саны төмен, өйткені мұның себебі, орманның өртке шалдығуы.

Орман қорында отырғызылған ағаштарды күтіп баптау жұмысы орманды сергітіп өсіру талабына сәйкес емес. Үлкен орман алқабында заңсыз ағаш кесу, шашылып жатқан ағаштар кесіндісі, орман ішінде, әсіресе 30–40 жыл шабылмаған орман шабындықтары (шөптесін өсімдіктер), осының бәрі өрттің шығуына мүмкіндік туғызып, зиянкестердің ошағына айналуға.

Ертіс өңіріндегі Шалдай мемлекеттік мекемесіндегі қарағай орман жолағының орманшылығындағы климаттық жағдайы, өсімдік жамылғысы анықталды. Ертіс өңіріндегі Шалдай мемлекеттік орман мекемесіндегі ормандары көбінесе қылқан жапырақты ағаштардан құралған және мұнда кәдімгі қарағайлар басым болып келеді.

Орман тек ағаштардың өсетіндігімен ғана емес, сонымен қатар көптеген жануарлардың мекені болуымен де маңызды. Сонымен қатар, өсімдік тамырлары жерді жойылудан қорғайды (су және жел эрозиясы, деградация, шөлейттену). Табиғаттағы су айналымы процесінде флора маңызды рөл атқарады.

Шалдай мемлекеттік орман мекемесінің аумағындағы қарағайлары табиғатта және адам өмірінде маңызы орасан зор. Басқа жасыл өсімдіктермен бірге олар органикалық заттар түзеді, ауада көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін бөліп шығаратындықтан ауаны оттегімен қамтамасыздауында маңызы зор.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Грибанов Л. Н. Қазақстанның қарағайлы ормандары және орман шаруашылықтың биологиялық негіздері. Биология ғылымдарының докторы дәрежесін алуға ұсынылған жұмыстардың жиынтығы туралы баяндама. - Свердловск, Колос, 1965. – 80 б.

2 Байзаков С. Б. «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының әкімшілік-шаруашылық және басқару құрылымының жалпы сипаттамасы. Алматы гуманитарлы-техникалық университетінің

хабаршысы. / С. Б. Байзаков– Алматы : АГТУ баспасы, 2006. – № 2(2). – Б. 64–68.

3 Царегородцева А.Г. Ертіс өңірінің Жайылма ландшафтары / А. Г. Царегородцева – Павлодар : ПМУ, 2003. – 75 б.

### ТОПЫРАҚТЫҢ ҚҰНАРЛЫҒЫН ЖОҒАРЫЛАТУ МАҚСАТЫНДА БИОГУМУСТЫ ТЫҢАЙТҚЫШ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

МУСТАФАЕВ Б. А.

а/ш.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ШАХАН А. Т.

студент, Агр-401 тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Биогумус- экологиялық таза органикалық тыңайтқыш. Бұл концентрацияланған тыңайтқыш құрамында маңызды қоректік заттар мен микроэлементтердің, ферменттердің, топырақ антибиотиктерінің, дәрумендердің, өсімдіктердің өсуі мен даму гормондарының барлық кешені бар. Оның құрамында гумустық заттардың көп мөлшері бар. Биогумус - бұл топырақтың құнарлылығын тудыратын топырақ микроорганизмдерінің пайдалы қауымдастығы болатын ерекше микробиологиялық тыңайтқыш. Биогумуста патогендік микрофлора, гельминт жұмыртқалары, арамшөптердің дәндері және ауыр металдар жоқ. Тыңайтқышты өсімдіктер бүкіл даму циклі кезінде оңай және біртіндеп сіңіреді.



Сурет 1 – Биогумус



**Биогумустың тиімділігі:**

– Биогумус топырақтың табиғи құнарлылығын тез қалпына келтіреді, оның құрылымы мен денсаулығын жақсартады;

– Биогумустың инертті әрекеті жоқ: өсімдіктер мен тұқымдар оған бірден әрекет етеді;

– Биогумустың тұқымдардың өну уақытын қысқартады, өсімдіктердің өсуі мен гүлденуін тездетеді, жемістердің пісетін уақытын екі-үш аптаға қысқартады;

– Биогумус өсімдіктерге күшті иммунитетті қамтамасыз етеді, олардың стресстік жағдайларға, ауа-райының қолайсыз жағдайларына, бактериалды және шіріп кететін ауруларға төзімділігін арттырады;

– Биогумус көшеттер мен көшеттердің тіршілік етуінің жоғары жылдамдығын, гүлдердің оңтайлы өсуін, олардың қарқынды және ұзақ гүлденуін қамтамасыз етеді;

– Биогумус өнімділікті айтарлықтай арттырады және өсірілген өнімнің дәмін жақсартады;

– Биогумус топырақтағы ауыр металдар мен радионуклидтерді байланыстырады, өсімдіктердің нитраттар жинауына жол бермейді;

– Биогумус тұрақты, жоғары, экологиялық таза егін береді.

**Биогумустың қасиеттері:**

Биогумус – қара топыраққа ұқсас, ұнтақталған және жағымды иісті топырақ тәрізді масса.

Биогумустың құрамында гуминдік заттар - гумин қышқылдары, фульвоқышқылдары мен гуминдердің көп мөлшері (құрғақ салмақ бойынша 32 % дейін) болғандықтан, бұл органикалық тыңайтқышқа жоғары агрохимиялық және өсуді ынталандыратын қасиеттер береді. Онда барлық қоректік заттар теңдестірілген комбинацияда және өсімдік үшін биожетімді қосылыстар түрінде болады.

Биогумуста патогендік микроорганизмдер, гельминт жұмыртқалары, арамшөптердің дәндері және ауыр металдар жоқ. Сонымен қатар, оның құрамында топырақ пен өсімдіктерге пайдалы микроорганизмдердің бірегей қауымдастығы бар, олар топыраққа енгізген кезде оны фитормондар, антибиотиктер, фунгицидтік және бактерицидтік қосылыстар бөліп шығарады, бұл патогендік микрофлораның орын ауыстыруына әкеледі. Мұның бәрі сайып келгенде топырақтың денсаулығын жақсартады және көптеген кең таралған өсімдік ауруларын жояды.

Кесте 1 – Биогумустың химиялық құрамы:

Ылғалдылық	40-45%
Күл құрамы	35-45%
Органикалық қосылыстар	55-65%
Гуминдік қосылыстар	25-32%
Жалпы азот	1,0-2,0%
Жалпы фосфор (P2O5)	1,5-3,0%
Жалпы Калий (K2O)	1,2-2,0%
Кальций	4,0-6,0%
Магний	0,6-2,3%
Темір	0,6-2,5%
Марганец	60-80 мг/кг
Ауыр металлдардың массалық мөлшері, мг/кг	Топыраққа арналған МАС төмен
Патогендік микрофлора	Жоқ
Гельминттік жұмыртқа	Жоқ

Сонымен, биогумус - бұл тиімділігі жоғары және экологиялық таза органикалық тыңайтқыш, оны қолдану агрохимиялық қасиеттерді жақсартады және ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын жақсартады және өнімділігін арттырады.

Сонымен қатар, биогумус ерекше физикалық-химиялық қасиеттерге ие: құрылымның суға төзімділігі (95-97%) және ылғалдың толық сыйымдылығы (200-250%). Бұл оны керемет мелиорант және топырақ кондиционері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1 Виктор Горбунов. Дождевые черви для повышения урожая. 2012

2 Анатолий Игонин Как повысить плодородие почвы в десятки раз с помощью дождевых червей.

3 Чеченин Сергей Валентинович. Заметки по вермикультивированию.

## 2.3 Мал шаруашылығының дамуы

### 2.3 Развитие животноводства

#### «СЕРГЕЙ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДАҒЫ СИБИР СҮТІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

КУСАНОВА Б. Т., АТЕЙХАН Б.  
аға оқытушылар, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ШӘМШИДЕН А., АРХАЛЫК А.  
студенттер, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Сүт – басқа ешқандай азық-түлікке тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Әрине, мал шаруашылығынан көптеген өнімдер алынатынын бәріміз жақсы білеміз. Өйткені организмге оның құрамды бөлігінің 95–98 % сіңеді. Сондай-ақ сүт амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, витаминдерінің таптырмайтын көзі болып табылады.

Сүттің адам ағзасы үшін қаншалықты қажетті өнім екендігі бәрімізге белгілі. Сүт – адам мен сүтқоректі жануарлардың сүт безінде лактация кезеңінде түзілетін сұйық зат. Сондай-ақ сүт өндіретін шаруашылықтардағы сиырлардың сүтінің құрамында май, ақуыз, витаминдер жеткілікті мөлшерде болуы керек. Оның үстіне өңдейтін орындарға сүтті жаңа сауылған, таза күйінде тапсыру да естен шығармайтын мәселе. Сиырдың сүті несеп ауруларына пайдалы, ойды ұшқырлайды, уланғанда көмектеседі және сүйектің, тістің сынуын болдырмай қатайтады.

Май – сүт майының мөлшері 2,8-ден 4,5 %-ға дейінгі аралықта болады. Химиялық құрылымы бойынша сүт майы басқа майлардан еш айырмашылығы жоқ. Бұл көптеген триглицеридтердің қоспасы (ди және моноглицеридтердің құрамы барлық глицеридтердің тек 1,2–2,6 % құрайды). Сүт майының триглицеридтерінде әдетте әртүрлі қышқылдардың қалдықтары болады [1, 186 б.].

Сүттен бөлінген сүт майының құрамында май тәрізді заттар немесе табиғи қоспалар бар. Оларға фосфолипидтер, гликолипидтер, стеролдар, майда еритін пигменттер (каротин және т.б.), дәрумендер (А, D, Е, К) жатады. Қоспалардың аздығына қарамастан, олардың кейбіреулері сүт майының тағамдық құндылығына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен, фосфолипидтер липидтердің алмасуына ықпал етеді, стеролдар D дәрумені синтезі үшін бастапқы материал ретінде

қызмет етеді, А дәрумені түзуге арналған каротин, Е дәрумені – бұл майдың табиғи антиоксиданты және т.б. [1, 185 б.].


Ақуыз – сүттегі ақуыздардың салмақтық үлесі 2,9-дан 4 %-ға дейін болады. Сүт ақуыздары құрылымы, физика-химиялық қасиеттері және биологиялық функциялары бойынша әртүрлі. Олар қалыпты дамуды қамтамасыз ету үшін қажет, сонымен қатар адамдардың тамақтануында ерекше маңызды. Сүтте ақуыздардың бүкіл жүйесі табылған, олардың арасында екі негізгі топ бар: казеин және сарысуы бар ақуыздар [2, 26 б.].

Лактоза (сүт қанты) – сүттің негізгі көмірсуы. Бұл бір глюкоза молекуласынан және бір галактозадан тұратын дисахарид. Сүт қанты сахарозаға қарағанда 5-6 есе аз тәтті. Сүт өнімдерін өндірудегі барлық микробиологиялық ашыту процестері лактозаның арқасында мүмкін болады [1, 187 б.].

Минералдық заттар – сүтте 0,7-0,8 % минералды заттар бар. Олардың көбі сүтте молекулалық және коллоидтық ерітінді түріндегі фосфор қышқылды, казеин қышқылды, лимон қышқылды тұздар. Сүттегі макроэлементтер: натрий, калий, кальций, магний катиондары және фосфор, хлор, күкірт. Кальций тұздары адам тамақтануында ғана емес, сүт өндеуде де маңызды орын алады [1, 187 б.].

Сүт тағамдарының 90 % сиыр сүтінен дайындалады. Сүттің химиялық құрамында майлылығы жоғары сүттен май және пахта, ал ақуызы жоғары сүттен сүзбе, ірімшік, құрт дайындалады. Сиырдың жаңа сауылған, пісірілген және шикі сүттерін пайдалана отырып, күнделікті тұтынуға, белгілі бір мерзімге дейін және ұзақ уақыт сақтауға болатын тағам түрлері жасалынады.

Сондықтан сапалы тағам өнімдерін алу үшін сүттің химиялық құрамын зерттеу өзекті мәселелердің бірі екені белгілі. Осы мақсатқа жету үшін біз сүттің химиялық құрамындағы май мен ақуыздың пайыздық үлесін зерттеуді міндет еттік. Сүттің сапасын анықтауға LAKTAN Model 700 құрылғысы қолданылды (1-сурет). Зерттеуге жаз уақытындағы сүт сауымының нәтижелері алынған.



Сурет 1 – Сүттің химиялық құрамын анықтайтын  
LAKTAN Model 700 аппараты

Зерттеу жұмыстары Павлодар облысының Ақсу ауданы, Евгеньовка ауылындағы «Сергей» шаруа қожалығында сауылатын симментал және қара ала тұқымдарының сиырларына жүргізілді. Бұл шаруашылықта Бақылау сауымы әр ай сайын жүргізіледі. Бақылау сауымы күні сүттің орташа сынамасы алынып, университеттың зертханасында сапасына талдау жасалынды. Зерттеу нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте).

Кесте 1 – Сүттің химиялық құрамын зерттеу нәтижесі

№	Сиырлардың жеке нөмері	Тәуліктік сүті, кг	Сүттің химиялық құрамы, %		Зерттеу жүргізілген уақыты	Сынама алынған уақыты
			майлылығы	ақуызы		
1	KZS179359421	15,9	3,92	3,11	19.06.2020	18.06.2020
2	KZS179492142	21,3	3,85	3,21	19.06.2020	18.06.2020
3	UA8012245371	26,5	3,41	3,28	19.06.2020	18.06.2020
4	KZS179359749	7,2	3,98	3,21	19.06.2020	18.06.2020
5	KZS179504472	28,3	3,53	3,24	19.06.2020	18.06.2020
6	UA8012095918	31,9	3,62	3,23	19.06.2020	18.06.2020
7	UA8011961857	30,7	3,45	3,21	19.06.2020	18.06.2020
8	KZS179062796	25,4	3,82	3,38	19.06.2020	18.06.2020
9	KZS179359981	31,6	3,59	3,3	19.06.2020	18.06.2020
10	KZS178866086	28,1	3,73	3,17	19.06.2020	18.06.2020
(X±Sx)		24,7±2,49	3,69±0,06	3,23±0,02		

Шаруа қожалығында сауылатын сиырлардың тәуліктік сүт өнімділігі және сүтінің құрамы да әртүрлі дәрежеде болатынын

зерттеу нәтижесінен байқауға болады. Мысалы ең жоғары сүт UA8012095918 жеке номерлі сиырдан, ал ең аз сүт KZS179±0,06 %, орташа ақуызы 3,23±0,02 % құрады.

Зерттеу нәтижесінен көріп отырғандай сүттің химиялық құрамындағы май және ақуыздың пайыздық үлесі тұқым стандартына сәйкес келетіндіктен зерттеу жүргізген шаруа қожалығының сүтін тағам ретінде тұтынуға және сүт өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге толық пайдалануға болатынын зерттеуден аңғаруға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кузембаев Қ., Құлажанов Т., Кузембаева Г. К92 Азық-түлік өнімдерін тану. – Алматы, 2006. – 185-187 б.

2 Горбатова К. К. Сүт химиясы және физикасы. СПб.: ГИОРД, 2007. – 288 б.

#### ПОДГОТОВКА ЗЕРНОВЫХ КОРМОВ К СКАРМЛИВАНИЮ НА ФЕРМАХ И МОЛОЧНОМ КОМПЛЕКСЕ ТОО «ПОБЕДА» ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

АЙМУХАНОВ С. М.

к.с/х.н., профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар  
АТЕЙХАН Б.

магистр с/х.н., Торайгыров университет, г. Павлодар  
НАГАШБАЙ Г., СОЛТАН А. Д.  
студенты, Торайгыров университет, г. Павлодар

В практике животноводства наряду с вопросами рациональной организации кормовой базы непременным условием является подготовка кормовых средств к скармливанию. Среди многих способов подготовки кормов, направленный на повышение их использования, значительное место занимают измельчение концентрированных кормов являющиеся самым распространенным и обязательным способом подготовки его к скармливанию. Размолотом, дроблением и плющением зерна разрушается твердая оболочка, облегчается и сокращается время пережевывания, улучшается доступ пищеварительных соков к питательным веществам, тем самым повышает их усвояемость, поедаемость, питательность корма, продуктивность и воспроизводство животных. Измельчение зерновых кормов перед скармливанием, сокращает

попадание в организм вредных микроорганизмов, значительно снижает расход кормов на единицу продукции. Кроме того, зерно лучше смешивается с другими кормами, упрощает механизацию, а в отдельных случаях и автоматизацию производственного процесса раздачи кормов животным [1, с. 415; 2, с. 255].

Следует отметить, такие способы приготовления зерновых кормов к скармливанию успешно применяются на фермах и промышленном комплексе по производству молока в ТОО Победа Павлодарской области. Где используется преимущественно молотковые дробилки КДМ-2, КДМ-3, КДУ-2 выполняемые по упрощенной технологии несколько операции подготовки зерновых кормов. Молотковые дробилки просты по конструкции и в эксплуатации, позволяют получать продукт требуемой крупности. Измельчение происходит в результате многократного ударного воздействия рабочих органов, молотков и деки на продукт и истирание продукта о продукт, деку и ситовую поверхность. Оборудование установлены в отдельных пристройках, примыкающих к помещениям молочного комплекса и фермы. Дробилка зерновая КДМ-2,0 (рис. 1) находится на МТФ № 2 предназначена только для дробления зерна, от универсальной дробилки КДУ-2 она отличается отсутствием режущего барабана и подающих транспортеров. Агрегаты стационарные, габаритные размеры, мм 600x1400x1500; общая установленная мощность 2,8 кВт, масса 80 кг. Все остальные узлы унифицированы. Установленные машины и оборудование на фермах и молочном комплексе ТОО способствуют повышению питательной ценности подготовленных концентратов – смеси состоящей из нескольких видов зерновых кормов, используя различные комбинации и их соотношения, с добавками, особенно при балансировании рационов высоко продуктивных дойных коров [3, с. 2].

В этой связи с целью ознакомления переработки концентратов с набором различных видов зерновых кормов, традиционно сложившихся в хозяйстве, провели исследование процентного состава подготовленных концентратов с задачами изучения схемы технологии работ, выбора технологического оборудования и выполнении расчетов потребности зерносмеси для животноводства ТОО «Победа». В будущем ставится цель определить питательность концентратов с предлагаемыми соотношениями и набором зерновых культур, имеющие более высокую кормовую ценность приемлемых

для различных половозрастных групп животных в условиях ТОО «Победа».




Рисунок 1 – Дробилка КДМ-2,0:

1 – вентилятор; 2 – загрузочный бункер; 3 – измельчающий барабан; 4 – циклон; 5 – редуктор РЧП-80; 6 – шлюзовой затвор; 7 – рама; 8 – электрический двигатель частота вращения 350 оборотов в минуту, давление на выходе 1,7-2,0 Мпа, температура 150 °С, установленная мощность двигателя 40 кВт.  
Производительность КДМ-2,0 – две тонны в час

В зависимости от направления фермы и молочного комплекса с учетом зоотехнических требований специалисты хозяйства руководствуются следующей схемой технологии приготовления и перечнем выполняемых операций подготовки концентрированных кормов: хранение – оценка зерна – прием и взвешивание – оборудование – технология измельчения – дозирование – смешивание – транспортировка – раздача – кормление.

Следует отметить что на хранения и переработку зерновые корма поступают с определенной влажностью (14–17 %), так как чрезмерное влажное зерно склонно к порче, что приводит к снижению питательных веществ. На месте осмотром определяет доброкачественность зерна на кормовые цели. Результаты оценки необходимы для осуществления технологических операции подготовки концентратов. Степень измельчения зерновых кормов находится в тесной взаимосвязи от особенностей пищеварения различных видов сельскохозяйственных животных и от возраста. Крупно рогатый скот в особенности дойные коровы хорошо



используют зерно, приготовленное в виде дерти с размером преобладающих в помеле частиц от 1,5 до 4 мм. и как дополнительные корма для балансирования рационов по энергии и протеину. При этом другие дозируемые компоненты, минеральные добавки, поступающие в агрегат, должны соответствовать нормативным требованиям рационов различных половозрастных групп животных.

Технология приготовления концентратов прежде всего зависит количество этих кормов в рационах и количество дойных коров, рассчитывается как суточный грузопоток и грузооборот на ферме по общепринятым методикам. Суточный грузопоток  $G_{сут}$  (кг), связанный с транспортировкой зерновых кормов на животноводческую ферму численностью 200 дойных, составит:

$$G_{сут} = q \cdot m$$

где  $q$  – масса вида корма, входящих в суточный рацион дойной коровы (3-4кг);  $m$  – количество группы на животноводческой ферме, гол.  $G_{сут}$  – суточный грузопоток кг.

Тогда суточный грузопоток составит около 800 кг. Годовая потребность ( $T$ ) в концентратах на ферме определяется исходя из суточного рациона и длительности периода кормления зерновыми видами кормов:

$$G_{год} = G_{сут} \times D_{кф} / 1000;$$

где  $G_{сут}$  – масса корма, входящих в суточный рацион, кг;  $D_{кф}$  – длительность периода кормления животных в течение года на ферме, сут.

Масса концентрата потребных для й фермы в течение года составит 29,3 т

В Настоящее время в хозяйстве также используются другие универсальные дробилки КДУ-1, КДУ-2 предназначены для дробления концентрированных, зеленых и грубых кормов.

Таким образом, исходя из результатов исследования и ведомостей кормов на фермах и молочном комплексе ТОО Победа следует, что в состав подготовленной концентратов – зерносмеси входит в равных процентных соотношениях, (пшеница+овес+ячмень) для всего поголовья дойных коров. Однако в последующем необходимо рассмотреть и предложить подготовку концентратов с различных наборов и соотношениями

зерновых кормов с целью повышения питательности зерносмеси с добавками для наиболее высокопродуктивных коров. С учетом производительности имеющихся дробилок (кг/ч).

$$Q_{др} = G_{сут} \cdot z / t;$$

где  $t$  – продолжительность рабочей смены, ч.  $G_{сут}$  – суточная потребность зерна, кг.  $Q_{др}$  – производительность дробилок (кг/ч). Производительность составит 200 кг/ч.

Подготовленные, измельченные зерновые корма подаются в смеситель кормов С-12 и раздаются кормораздатчиками животным.

$$Q_{др} = G_{сут} \cdot z / t;$$

где  $t$  – продолжительность рабочей смены, ч.  $G_{сут}$  – суточная потребность зерна, кг

Потребность в концентратах будет в пределах 270 кг/ч., что будет способствовать снижению затрат зерновых кормов за счет повышения питательной ценности, подготовленной зерносмеси.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Носов М. С. Механизация работ на животноводческих фермах. – М.: ВО Агропромиздат. 1987. – 415 с.
- 2 Краснокутский Ю. В. Практикум по машинам и оборудованию молочных комплексов: Учеб. пособие – М.: Агропромиздат, 1985. – 255 с.
- 3 Отчеты кормовой ведомости (2017-2019 гг.) ТОО «Победа». – 2 с.

## СПОСОБЫ И СРЕДСТВА УТИЛИЗАЦИИ ОТХОДОВ ЖИВОТНОВОДЧЕСКИХ ФЕРМ И МОЛОЧНЫХ КОМПЛЕКСАХ В ТОО «ПОБЕДА» ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

АЙМУХАНОВ С. М.

к.с/х.н., профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар  
АТЕЙХАН Б.

магистр с/х.н., Торайгыров университет, г. Павлодар  
ДЖАНЗАКОВА А. С., СОЛТАНОВА Р. М.  
студенты, Торайгыров университет, г. Павлодар

При внедрении промышленных методов получения животноводческой продукции, на крупных животноводческих фермах и комплексах выход отходов - навоза резко увеличивается, скапливается большое количество, что создает опасность для окружающей среды. В случае хранения отходов в открытом состоянии влияние проявляется в виде загрязнений атмосферы, воздуха, поверхностных и подземных вод, почвы аммиаком, сероводородом, молекулярным азотом, меркаптанами, индолом, скатолом и другими его соединениями. Кроме газообразных загрязняющих веществ и микроорганизмов в воздухе попадают выделяющиеся в процессе дыхания животных главным образом,  $\text{CO}_2$  и  $\text{CH}_4$ , пыль от кормов, высыхание отходов, шерсти и кожи животных с содержанием до  $4 \text{ мг/м}^3$ .

Существенно влияет на атмосферный воздух неправильное хранение и использование бесподстильного и жидкого навоза, так как не происходит его самонагревания, то есть дезинфекции. Гной может быть источником патогенных микроорганизмов и инфекционных заболеваний. Жидкий навоз содержит значительное количество патогенных организмов, в процессе анаэробного разложения образуются вредные газы (сероводород, аммиак и др.), жирные кислоты, амины и другие соединения с неприятным запахом.

Внесение бесподстильного навоза и животноводческих стоков от крупного рогатого скота в почву приводит к его бактериальному заражению. Патогенные бактерии сохраняются в почве в условиях орошения в течение 4–6 месяцев. Поэтому сельскохозяйственные культуры, выращиваемые на почвах, заражаются бактериями. В случае внесения стоков в почву методом дождевания на расстояние до 400 м распространяются яйца гельминтов. Чрезмерное применение

навоза в качестве удобрения приводит к загрязнению окружающей среды биогенными элементами. Увеличивается содержание (азота) в зеленой массе, которые вредно отражаются на животных, поедающих ее. При нарушении правил переработки навоза и внесение его на поля в качестве удобрения без предварительного обеззараживания, возможно быстрое распространение инфекций.

Поэтому в случае отсутствия должного контроля за отходами, его сохранностью и использованию создается реальная угроза распространения инфекционных болезней в зоне животноводческих комплексов и окружающей среде. Проявление этих негативных явлений требует разработки путей утилизации (употребление с пользой) отходов животноводства. По отношению к переработке, утилизации и рационального использования отходов, этот принцип должен обязательно сохраняться, ведь органическое удобрение на основе навоза может быть употреблено с пользой только, когда будет внесено на поля.

Крупные животноводческие фермы и комплексы ТОО «Победа» Павлодарской области типичный пример, где выход навоза резко увеличивается и еще недавно опасность загрязнения окружающей среды оставались без должного внимания. В настоящее время в первую очередь утилизация и использование навоза, является важной проблемой при решении вопросов защиты окружающей среды. Следует отметить утилизация навоза для получения органического удобрения – это только начальный этап для животноводческих предприятий по работе с отходами, а за этим следует затратная стадия по его транспортированию и распределению на полях. Значение утилизации еще более возрастает в связи с укрупнением животноводческих ферм и повышений требований к санитарно-гигиеническим условиям.

Принятый в хозяйстве способ утилизации отходов включает в себя решение следующих крупных проблем, удаление, первичная обработка, транспортировка, складирование, хранение, внесение навоза на поля. При этом должны соблюдаться условия достаточной площади земельных угодий и рекомендуемых норм внесения навоза в виде удобрений. Состав органических удобрений (фосфор, азот, молибден, кальций, калий, медь), зависит от вида, численности, качества и количества кормов, роста, пола сельскохозяйственных животных, способов утилизации.

В этой связи с целью изучения практики и специфики переработки и утилизации отходов животноводческих ферм,

провели исследование в условиях ТОО «Победа». В процессе, которых рассмотрели очистку стойла, виды навоза, удаление из помещения, используемые оборудования, погрузку навоза в транспортные средства и отвозка на место компостирования или в поле. Эти вопросы взаимосвязаны, решая один из них, необходимо решать и другие удовлетворяющие следующим зоотехническим и экологическим требованиям:

1) обеспечивать постоянную и легко поддерживаемую чистоту помещений для содержания животных, а также проходов и ограждений;

2) ограничивать образование проникновение вредных газов в зону обитания животных и нахождения людей;

3) обеспечивать обеззараживание навоза и исключать проникновение бактерий с навозом из одной секции в другую;

4) быть удобной в эксплуатации и не требовать больших затрат;

В условиях животноводческих ферм ТОО Победа применяется механический способ очищения стойла, удаления навоза с подстилочным материалом, влажностью 70 – 80 % и жидкой части из жижеборника животноводческих помещений, скреперными установками УС-10, УС-15, УС-250 которые перемещают навоз в поперечный канал (Рис.1).




Рисунок 1 – Скреперная установка УС-15

1 – привод; 2 – поворотное устройство; 3 – поперечный навозосборный канал; 4 – дно канала; 5 – цепь; 6, 7 – правый и левый скрепер; 8 – ползун.

Из канала навоз поступает в транспортер УТН-10 и далее по наклонному транспортеру ТСН-160Б в телегу, а телегой транспортируют до мест хранения. Жидкая часть выкачивается погрузчиком ПНЖ-250 с фекальным насосом типа 5Ф-6 или путем самозагрузки в прицепы-цистерны РЖТ-8. Для удаления подстилочного навоза с выгульных площадок и из помещения при беспривязном содержании животных – бульдозерными навесками, погрузке его в транспортные средства. Этот способ самый экономичный в плане минимизации объемов образуемой органической массы.

Для транспортировки навоза к местам хранения, (бурты) в поле, в основном применяются тракторные прицепы марки 2 ПТС-4 с тракторами марки «Беларусь». Навоз в виде удобрения на полях разравниваются тракторными навесками и вывозятся на прицепах типа цистерн разбрасывателей РЖТ-8 с тракторами марки «Беларусь».

В ТОО в механизации удаления навоза из молочного комплекса основное применение имеют скреперные установки УС-15, УС-250. Нами учтены только поголовье дойных коров размещенных в двух блоках, где в каналах со щелевыми полами монтируется скреперная установка, состоящая из барабанной лебедки и скреперов в виде металлических саней со скребами. При возвратно – поступательном движении каждый скрепер забирает навоз и гонит его к поперечному каналу в торце коровника, откуда навоз подается в транспортные средства. Работа тросово-скреперного устройства автоматизирована. Расчеты выхода навоза, производительность установок проведены по общепринятым методикам из интернет данным.

Суточный выход навоза из помещения  $G_{сут}$  (кг) определили по формуле:

$$G_{сут} = g \cdot m;$$

$$\text{Отсюда } G_{сут} = 40 \times 100 \text{ гол.} = 4000 \text{ кг}$$

где,  $g$  – суточный выход навоза от одного животного,  $кг$ .  $m$  – количество животных, гол.

Производительность  $Q$  (т/ч) скреперных установок типа УС-10 и УС-15:

$$Q = 3,6 b h v p w;$$

$$Q = 3,6 \times 1,75 \times 0,2 \times 0,137 \times 0,7 \times 0,5 = 0,1 \text{ т/ч}$$

где,  $b$  – длина скрепера, (1,75 м),  $h$  – высота скребка (0,2м);  $v$  – скорость скрепера (0,137 м/с);  $p$  – плотность навоза (0,7/м<sup>3</sup>),  $w$  – коэффициент заполнения межскребкового пространства, (0,5).

Количество рабочих циклов скрепера

$$Z = m G_{\text{сут}} / 1000 V p w;$$

$$Z = 4000 / 1000 \times 0,137 \times 0,7 \times 0,5 = 83$$

Годовой выход навоза от группы животных (т):

$$Q_{\text{год}} = G_{\text{сут}} \times D_{\text{к}}$$

$$Q_{\text{год}} = 4 \times 220 = 880$$

где,  $D_{\text{к}}$  – количество дней накопления навоза, равное 220 дней.

Полезную площадь хранилища навоза буртов в поле определяем по формуле (м<sup>2</sup>)

$$F = Q_{\text{год}} / h \times p;$$

Где,  $h$  – высота укладки навоза, м:

$$F = 880 / 2,5 \times 0,7 = 503 \text{ м}^2$$

Погрузка навоза из хранилища производится погрузчиком ПФ-1,2, транспортировка навоза осуществляется тракторами К-701 с прицепами 1АТС-9 и 3 ПТС-12. Внедренная механизация навоза удаленя значительно облегчила труд работников животноводства.

Таким образом, основными факторами вредного воздействия на окружающую среду из отходов животноводства являются следующие: - загрязнение экскрементами сельскохозяйственных животных, значительное выделение аммиака, сероводорода и окислов серы, - возможность загрязнения гельминтами, возбудителями болезней и патогенными микроорганизмами. Поэтому утилизация – отходов наиболее быстрый и основной способ, проводимые с целью недопущения загрязнения окружающей среды с применением средств механизации для получения чистого,

натурального удобрения полей в условиях ферм и комплексов ТОО Победа Павлодарской области.

Следует отметить, для сельскохозяйственных культур наиболее ценным удобрением является полуперепревший навоз, в результате внесения подкормки навозных масс, почвенный слой земли становится рыхлым и проницаемым для влаги и воздуха, температура повышается, а кислотность уменьшается. Семена лучше всходят, взрослое растение отличается обильным цветением и приносит много качественных, крупных плодов.

В этой связи в условиях рыночной экономики специалисты хозяйства должны разработать и утвердить технические условия органических удобрений на основе навоза, а также регламенты их производства и применения на фермерских и дачных участках.

В соответствии с современным законодательством, реализация агрохимикатов (к ним относят и навоз) сторонним покупателям требует государственной регистрации. ТОО «Победа».

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Белехов И.П., Четкий А. С. Механизация и автоматизация животноводства. - М.: Агропромиздат, 1991., – 152 с.
- 2 Князев А.Ф., Механизация и автоматизация животноводства / А. Ф. Князев, Е. И. Резник - М. : КолосС, 2013. - 375 с.
- 3 Проффин.планы и отчеты хозяйственной деятельности ТОО «Победа» за 2017-2019 г. – 5 с.
- 4 Кузнецов А.Ф. Гигиена содержания животных: Справочник. 2-изд., Издат. Лань 2004. – 15-17 с.

#### ЖЫЛҚЫ ТАБЫНЫН СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

УАХЫТ А.

студент, Торайгыров университеті, Павлодар қ.

